

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 33-Ө бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттар жүйесіне қойылатын негізгі талаптар туралы ережеге" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті 1999 жылғы 26 қараша N 94-Ө. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 112 (V053609) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттар жүйесі қызметінің нәтижелілігін арттыру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 33-Ө бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттар жүйесіне қойылатын негізгі талаптар туралы Ережеге" мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

"1. Нормативтік-құқықтық актінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттар жүйесін құру ережелері".

2. 1-тараудың 1.1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1. Жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттар жүйесін құру ережелері" (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес әзірленді. Осы Ережелер қорлар өздерінің автоматтандырылған ақпарат жүйесін (бұдан әрі - ААЖ) әзірлеу, бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу кезінде, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларында (бұдан әрі - Қорлар) ақпараттардың сенімділігіне, сақталуына және ААЖ-ға заңсыз қол жеткізуден ақпараттарды қорғауға қойылатын негізгі талаптарды белгілейді".

3. 1-тараудың 1.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Қорлар әзірлеушіні өздігінен айқындайды және Комитетпен келісілгеннен кейін ААЖ әзірлеуге арналған техникалық міндеттерді бекітеді";

4. I-тараудың I.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1.3. Комитеттің жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне қоятын негізгі талаптары барлық Қорлар үшін міндетті бо лы п та б ы л а д ы " .

5. 1-тарау мынадай мазмұндағы 1.4-тармақпен толықтырылсын:

"1.4. Салымшылардың/алушылардың дербес зейнетақы шоттарының мәліметтер базасы Қордың дара пайдалануына арналған және ол басқа заңды тұлғаларға берілуге немесе жалға өткізілуге тиісті емес."

6. 2-тараудың 2.4-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен то лы қ т ы р ы л с ы н :

"8) зейнетақы жарналарының және есептелетін инвестициялық кірістердің е с е б і н жү р г і з у " .

7. 2-тараудың 2.4-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"Стандарттық есептер "Жинақтаушы зейнетақы қорларында бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есеп беру ережелеріне" сәйкес қалыптастырылады".

8. 4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сатып алынатын Қорды бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын не г і з г і та л а п т а р

4.1. Сатып алынатын Қорды бағдарламалық қамтамасыз ету патенттелген немесе лицензия алған болуы тиіс.

4.2. Қор бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу кезінде бағдарламалық қамтамасыз етуге кемінде 1 жыл мерзім бойына қолдау көрсету жөніндегі талаптарды ескертуге міндетті.

4.3. Қор автоматтандырылған ақпараттық жүйе бойынша тиісті техникалық құжаттардың жасалуын талап етуге тиіс. Бағдарламалық қамтамасыз етуді сатушы субъект жеке пайдаланушыларға арналған нұсқаулықты беруге тиісті".

9. мынадай мазмұндағы 5-тараумен толықтырылсын:

" 5 . Қ о р ы т ы н д ы

5.1. ААЖ жүйенің функционалдық сипаттамаларын тұтасымен жақсартатын қосымша кіші жүйелер мен тапсырмаларды сатуға жол береді.

5.2. Жүйенің аппараттық және коммуникациялық құралдарына қойылатын талаптар ААЖ техникалық міндеттер сатысында жасалады.

5.3. Қордың әрқайсысының ААЖ әзірлеушінің құқықтары "Авторлық құқық және аралас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қ о р ғ а л ғ а н б о л у ы т и і с .

5.4. Қорлардың ААЖ-ін құру жөніндегі мәселелердің үйлестірілуін Комитет жү з е г е а с ы р а д ы .

5.5. ААЖ-ні әзірлеу кезінде мәліметтер базасын басқару жүйесі (МББЖ) және төртінші шығарылған бағдарламалау тілі қолданылуы тиіс.

5.6. Қор құрылымында ААЖ құруға, енгізуге және алып жүруге жауап беретін тиісті бөлімшелердің құрылуы көзделуі тиіс."

10. Мәтін бойынша түгелдей "Агенттік", "Агенттікпен" деген сөздер тиісінше "Комитет", "Комитетпен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Заң бөлімі (Лысенко Ю.Н.) "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 33-Ө бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларының автоматтандырылған ақпараттар жүйесіне қойылатын негізгі талаптар туралы ережеге" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 26 қарашадағы N 94-Ө бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін және оны мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен кейін қолданысқа енгізсін.

К о м и т е т т ө р а ғ а с ы н ы ң

міндетін атқарушы